

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысының
№ 8 хаттамасы**

**Қордай ауылы
«AMANAT» партиясының мәжіліс залы**

**29.05.2026 жыл
сағат 10:00**

Шақырылғандар: Аудандық қоғамдық кеңес мүшелері.

Қатысқандар: - аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері – 8 адам.

Қатыспағандар: - 1 (*К.Агибаева - денсаулықтарына байланысты, Жаманкозев Б.Т., Анаева Т.М.*)- себепті, форумда.

Төрағалық етуші: Н.Молдабеков

Шақырылғандар: Қордай АПБ криминалдық полиция бөлімшесінің орынбасары – **Б.Сатылғанов**, Қордай ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің бас маманы - **М.Талтакова**, Қордай ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің директоры – **А.Исраилова**, Степной ауылдық округі әкімі – **М.Қарабаев**, БАҚ өкілдері.

Күн тәртібі:

1. Қылмыс санатының бірі алаяқтық, оның ішінде интернет алаяқтығы бойынша аудандық полиция бөлімі, аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімі және т.б жауапты мекемелердің жұмысын зерделеу туралы;
2. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңына сәйкес 2025-2026 жылдары Степной ауылдық округінің атқарылған жұмыстары туралы және округ әкімдігімен көрсетілген мемлекеттік қызметі бойынша зерделеу;
3. Өртүрлі мәселелер.

Н.Молдабеков:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссия мүшесі – **Ж.Орақбай** баяндайды,- деді.

Ж.Орақбай: Ол өз сөзінде былай деді: Қазіргі уақытта интернет желісі арқылы жасалатын алаяқтық оқиғаларының саны артып келеді. Алаяқтар азаматтардың жеке деректерін иемденіп, қаржылық және психологиялық зиян келтіруде.

Өздеріңізге белгілі 2025 жылы «Заң мен тәртіп» қағидасы және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінде «Профилактика жылы» деп белгіленген болатын.

Осыған орай, Қордай ауданы аумағындағы интернет алаяқтыққа қатысты криминогендік ахуал, құқық қорғау органдары мен жауапты мекемелер тарапынан атқарылып жатқан профилактикалық және түсіндіру шаралары қарастырылды.

Аталған бағыт бойынша 2026 жылдың алғашқы 4 айында аудан аумағында **10** интернет алаяқтық дерегі тіркелген болса, 2025 жылдың осы кезеңінде **14** деректі тіркелген. Нәтижесінде интернет алаяқтық қылмыстарының тіркелуі өткен жылмен салыстырғанда **28,6 пайызға төмендеген.**

2026 жылы аяқталған қылмыстық істер саны 9-ды құрап, 2025 жылғы 2 іспен салыстырғанда айтарлықтай артқан. Сонымен қатар 2 қылмыстық істің мерзімі үзілген. Қылмыстардың ашылу пайызы 81,1 пайызды құрап, өткен жылғы 40 пайыздық көрсеткіштен едәуір жоғарылаған.

Жасалу тәсілдері бойынша интернет алаяқтықтың негізгі түрлері келесідей: онлайн несиерәсімдеу – 7 дерек; банк, ұялы байланыс операторы немесе құқық қорғау органы қызметкері ретінде хабарласу – 3 дерек; инвестициялық жобалармен жоғары табыста бұға қатысты ұсыныстар арқылы алдау – 1 дерек; тауарлармен қызметтер үшін – 1 дерек.

Зерделеу нәтижесінде интернет алаяқтық құрбандарының басым бөлігі зейнетжасындағы азаматтар мен әйел адамдар болып отыр. Сонымен қатар азаматтардың оңай табыс табуға ұмтылуы салдарынан алаяқтардың арбауына түсіп қалу фактілері жиі кездесуде.

Аудандық полиция бөлімінің мәліметіне сәйкес тіркелген қылмыстар бойынша биылғы жылдың 4 айында онлайн несие рәсімдеуге қатысты 7 қылмыстық іс сотқа жолданған, оның ішінде 2 дерек өткен жылдан қалған. Сонымен қатар қазіргі таңда онлайн несие рәсімдеуге қатысты 4 дерек бойынша күдіктілер анықталып, тергеу әрекеттері жүргізілуде.

Интернет алаяқтықтың алдын алу мақсатында Қордай аудандық полиция бөлімі тарапынан тұрғындардың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған профилактикалық жұмыстар жүргізілген.

Ақпарат ретінде: 2026 жылдың алғашқы 4 айында жалпысаны 73 кездесу өткізілген. Атап айтқанда: білім беру мекемелерінде – 45; денсаулық сақтау мекемелерінде – 9; мемлекеттік мекемелерде – 2; мешіттер мен шіркеулерде – 9; акционерлік қоғамдарда, ЖШС, ЖК – 8 кездесу өткізілген.

Сонымен қатар: бұқаралық ақпарат құралдарында 9 жарияланым жарық көрген; әлеуметтік желілерде 89 ақпараттық жарияланым орналастырылған; аудан аумағындағы 2 LED экран арқылы профилактикалық бейне роликтер тұрақты көрсетілуде; 14 билбордқа ескерту материалдары орналастырылған; 3000 дана арнайы дайындалған ескерту брошюралары таратылған.

Бұдан бөлек, **Қордай ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» мекемесіне** тарапынан интернет алаяқтықтың алдын алу бағытында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары зерделенді.

2026 жылдың 4 айында аталған мекеме тарапынан 56 іс-шара ұйымдастырылып, 2158 жас қамтылған және 2000-нан астам ақпараттық бүктемелер таратылған. Өткізілген іс-шаралар шеңберінде 10 кездесу, 18 түсіндіру жұмыстары және 28 ақпараттық акция өткізілген.

Жалпы жүргізілген зерделеу нәтижесінде ауданда интернет алаяқтық қылмыстарының алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқаны анықталды. Профилактикалық іс-шаралардың нәтижесінде интернет алаяқтық қылмыстарының тіркелуі төмендеп, қылмыстардың ашылу деңгейі артқан.

Дегенмен интернет алаяқтықтың қоғамға төндіретін қауіпі әліде өзекті болып қалып отыр. Осыған байланысты тұрғындардың цифрлық және құқықтық сауаттылығын арттыру, әсіресе егде жастағы азаматтар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту, әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы профилактикалық ақпараттарды тұрақты түрде жариялау жұмыстарын жалғастыру ұсынылады. Сонымен қатар, Ж.Орақбай өз сөзін былай, - деп аятады, көп жағдайда құқық қорғау органдарының қолынан келетіні осындай қылмыстарды тіркеу және оның жыл сайынғы өсімін болжау. Ең өкініштісі сол, құқық қорғау орындары оларды ұстауға кейде дәрменсіз болып отырғанын мойындау керек.

Н.Молдабеков: Баяндама аяқталды, сұрақтарыңыз бар ма? Жок.

Н.Молдабеков: Осы мәселе бойынша тиісті «Жастар ресурстық орталығы» КММ, Қордай АПБ криминалдық полиция сұрақтарға жауап береді, деді.

Қордай АПБ криминалдық полиция бөлімшесінің орынбасары - Б.Сатылғанов, аудандық қоғамдық кеңес мүшесінің Ж.Орақбайдың анықтамасына толық келісетінін айтып, алдағы уақытта барлық жұмыстарды бақылауға алынатынын хабарлады.

Ж.Орақбай: IT- мамандар арнайы полицияға штат берілді ме?

Б.Сатылғанов: Облыстан штатты қарастырылады. Қазіргі таңда, бұл мәселе бойынша екі топ жұмыс атқарады, барлық участковыйлар қамтылған және К.Жақсылық қосымша осы жұмысты

алып жүр. Бүгінге, 2 күдікті қамауда, Шымкент, Қызылорда қалаларынан және бүгінгі таңда, 6 факт тіркелді, материалдары сотқа жолданатын болады. Алаяқтықпен айналысқан банк қызметкерлері Астана қаласында сотталды. Қылмысты ашу үшін Қордай ауданында видеонаблюдерлер қойылған және де тағы да 54 видеонаблюдерлер қойылатын болады. Қазір, интернеттік алаяқтық жасау үшін Симбокс қолданады, оның ішінде 600-1000 симкарта орналасады. Құқық қорғау орындары оларды ұстауға кейде дәрменсіз болып отырғанын мойындайды. IT- мамандарға қажеттілік туындайды. Бұл мәселе бойынша көптеген жұмыстар атқарылып жатыр және атқарылады.

А.Исраилова: 2026 жылдың алғашқы 5 айында аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ тарапынан жоспарланған іс-шаралар, мақсатты индикаторлар мен кеңестерде берілген хаттамалық тапсырмаларға сәйкес бірқатар жүйелі жұмыстар атқарылды. Интернет алаяқтықтың алдын алу, киберқауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыру бағытында кең көлемді ақпараттық- түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Осы бағытта 68 іс-шара ұйымдастырылды, 2373 жас қамтылды және 2000-нан астам ақпараттық бұқпеме таратылды. Іс-шаралар барысында интернеттегі алаяқтық әрекеттердің түрлері, жеке деректерді қорғау жолдары, күмәнді сілтемелер мен жалған хабарламалардан сақтану тәсілдері түсіндірілді. Сонымен қатар, тұрғындарға банк карталарының деректерін бөгде адамдарға бермеу, белгісіз нөмерлерден келетін хабарламаларға сақтықпен қарау және әлеуметтік желілердегі жалған парақшалардан қорғану жолдары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Аталған бағыт аясында «Интернет алаяқтардан сақ болыңыз», тақырыбында 14 кездесу, 20 түсіндіру жұмыстары және 34 ақпараттық акция өткізілді. Бұл іс-шаралар білім беру ұйымдарында, қоғамдық орындарда және ауылдық округтерде ұйымдастырылып, жастардың ақпараттық қауіпсіздікке деген жауапкершілігін арттыруға бағытталды. Осы бағытта аудандық прокуратурамен бірлесіп 3 ашық сот отырысына қатысу ұйымдастырылды. Сондай-ақ аудандық полиция бөліміне 6 экскурсия өткізілді, олар құқық қорғау органдарының жұмысымен танысты.

Сауатсыздық, көбіне үйде бала күтімінде отырған аналар және зейнеткерлер болып табылады. Алдағы уақытта да жоспарға сәйкес көптеген жұмыстар атқарылатын болады.

Н.Молдабеков:

Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар?

Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы? Қалыс? – жоқ. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабының 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық кеңестің қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясының мүшесі **Ж.Орақбайдың** анықтамасы назарға алынсын.

2. Қордай аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы **Б.Үдергеновке:**

– интернет алаяқтық қылмыстарының алдын алу және ашу бағытындағы жұмыстарды күшейту;

– тұрғындар арасында, әсіресе егде жастағы азаматтар арасында түсіндіру-профилактикалық іс-шараларды тұрақты ұйымдастыру;

– интернет алаяқтық фактілері бойынша жедел әрекет ету және азаматтарға құқықтық көмек көрсету жұмыстарын жетілдіру ұсынылсын.

3. Қордай ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы **Т. Қабылтайға:**

– «Жастар ресурстық орталығы» және ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп интернет алаяқтықтың алдын алу бағытындағы ақпараттық акцияларды тұрақты өткізу;

– тұрғындардың цифрлық және құқықтық сауаттылығын арттыру, әсіресе егде жастағы азаматтар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту, әлеуметтік желілер мен бұқаралық

ақпарат құралдары арқылы профилактикалық ақпараттарды тұрақты түрде жариялау жұмыстарын жалғастыру;

– ауылдық округтерде халықпен кездесулер ұйымдастырып, цифрлық сауаттылықты арттыру жұмыстарын күшейту;

– профилактикалық бейнероликтер мен жадынамаларды кең көлемде тарату жұмыстарын жалғастыру тапсырылсын.

4. Қабылданған шаралар туралы ақпаратты Қордай аудандық Қоғамдық кеңесіне ағымдағы жылдың маусым айының 31-не дейін жолдау.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктелсін (төрағасы Б.Жамангозов).

Н.Молдабеков: Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша «Бюджет, қаржы және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті қолдау мәселелері жөніндегі комиссия» мүшесі М.Байгеловқа беріледі. Ол сөзінде былай деді: Аудандық Қоғамдық кеңестің 2026 жылға арналған жоспарына сәйкес, ағымдағы жылдың мамыр айында Сепной ауылдық округіндегі атқарылып жатқан жұмыстарға қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан зерделеу жұмыстары жүргізіліп, төмендегілер анықталды:

Ауылдық округ әкімі – Қарабаев Мадияр Бакытбекұлы

Аумағы – 10 763 га

Қордай ауылынан арақашықтығы – 12 шк

2026 жылдың 1 - мамырына халық саны – 6477

Елді мекен саны – 3 (Степной, Арал, Қалғұты)

Округ аумағында 1198 оқушыға арналған 3 орта мектеп, 270 орындық 1 мәдениет үйі, 100 орындық 1 жекеменшік бастауыш мектеп, 150 орындық 3 жекеменшік балабақша, 1 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік пункт, 2 кітапхана, пошта бөлімшесі жұмыс атқаруда. Сонымен қатар, 2 мешіт бар.

Округ бойынша 141 жеке кәсіпкер тіркелген. Оның ішінде, 30 кәсіпкер мал шаруашылығымен, 111 кәсіпкер өзге салалармен айналысады, 1 жауапкершілігі шектеулі серіктестік жұмыс істеуде.

Бюджетке түсетін салықтар мен түсімдер: 2025 жылдың салық түсімі: жоспар-40 млн 349 мың теңге, орындалғаны-40 млн 531 мың теңге немесе жоспар 100,5 % орындалды.

-жеке тұлғалардың мүлік салығы: жоспар- 505 мың теңге, орындалғаны-508 585,4 теңге, 100,7 %

-жер салығы: жоспар-495 мың теңге, орындалғаны- 494 мың 796 теңге, 100 %

-жеке табыс салығы: жоспар-11 млн 377 мың теңге, орындалған-11 млн 247 мың теңге, 98,8 %

-жеке және заңды тұлғалардың көлік салығы бойынша-23 млн 175 мың теңге, орындалғаны-23 млн 011 мың 820 теңге, 99,3 %.

Степной ауылдық округінде істер номенклатурасы бекітілген. Номенклатураға сәйкес жұмыс папкілері мен журналдары ашылған. Барлық қызметкерлердің лауазымдық міндеттері бекітілген. Қызметкерлердің іс-құжаттары Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 32 бабына сәйкес рәсімдеу, яғни материалдық жауаптылық туралы келісім-шарт құру ұсынылып, зерделеу кезінде келісім-шарттар құрылды.

Степной ауылдық округінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес 5 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі.

Атап айтқанда: 1. Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту;

2. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;

3. Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру;

4. Жер учаскесін алу үшін кезекке қою;

5. Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу.

Есепті кезеңде аппаратқа «Е-лицензия» ақпараттық жүйесі арқылы жалпы 50 өтініш түскен. Оның ішінде: 30 өтінішке оң шешім, 4 өтініш бас тартылған, 14 өтініш өтініш иесімен кері қайтарылған, 2 өтініш орындалуда.

Анықталған бұзушылықтар :

Аппаратпен «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) көрсету барысында төмендегідей заң бұзушылықтарға жол берілгендігі анықталды.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсетушілер мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетуге міндетті болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына сәйкес (ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 01.10.2020ж. №301 бұйрығымен бекітілген, бұдан әрі - Қағидалар), мемлекеттік көрсетілетін қызметті ауылдық округтердің әкімдері жеке немесе заңды тұлғаларға көрсетеді.

Бұл ретте, азаматша М. Есеновадан мемлекеттік қызметті алу үшін аппаратқа «электронды үкімет» веб порталы (бұдан әрі - портал) арқылы KZ94RVX01486692, KZ56RVX01486697, KZ11RVX01501766, KZ03RVX01514520 өтінімдер білдірген.

Қағидалардың 7-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, көрсетілетін қызметті берушінің басшысы не оны алмастыратын адам 1 (бір) жұмыс күні ішінде аумақты аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша сұралып отырған жер учаскесін пайдалану мүмкіндігін айқындау үшін құзыреті шегінде құжаттарды қарайды және жер қатынастары жөніндегі және сәулет және қала құрылысы саласындағы уәкілетті органдарға орындауға жіберетіндігі айқындалған.

Өз кезегінде, аппарат тарапынан тиісті құжаттар сұралып отырған жер учаскесін пайдалану мүмкіндігін айқындау үшін Қордай ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөліміне жолданған.

Ұсынылған құжаттар жер комиссиясында қаралып, оның қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартқаны анықталды.

Дегенмен, аппарат тарапынан Қағидалардың 8-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту ала шешім бойынша тыңдау рәсімдерін (заслушивание) жүргізуге қатысты шаралар қабылданбағандығы анықталды.

Ауыл округі әкімдігінде ардагерлер, ақсақалдар, аналар, әкелер, әйелдер кеңесі, билер алқасы, жастар ұйымы құрылған. Құрамдар саны, атқарылған істері жөнінде іс қағаздары ұқыпты жүргізілген. Жергілікті қоғамдастық дұрыс жолға қойылған 16 отырыс өткізіліп, хаттамалары тігілген. Барлық кеңестер өз жұмыстарын жоспарға сәйкес атқаруда.

Ардагерлер ұйымы (Кеңесі) - Жалғызбасты қарттарға әлеуметтік көмек көрсету, мұқтаж жандарға қайырымдылық жасау, жастарға бата беру, ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу.

2025 жылғы іс-шаралар: Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арналған 9-мамыр іс-шаралары, 1-қазан Қарттар күніне орай мерекелік дастархан, мектеп оқушыларымен «Ерлік сабақтары» кездесулері.

Жыл бойы 10 кеңес отырысы өткізіліп, ауыл көлемінде 25 мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды.

Билер кеңесі - ауыл ішіндегі дау-дамайларды сотқа жеткізбей, медиация (бітімгершілік) жолымен шешетін маңызды құрылым.

Отбасылық-тұрмыстық жанжалдар, ағайын арасындағы жер немесе мал дауы, көршілер арасындағы келіспеушіліктер.

2025 жылғы іс-шаралар: Тұрғындарды қабылдау күндері, заң түсіндіру жұмыстары, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша учаскелік полиция инспекторымен бірлескен отырыстар.

2025 жылы Билер кеңесіне 6 арыз-шағым түсіп, оның 90 пайызы өзара бітімгершілікпен, сотсыз шешілді. Жалпы 10 рет жиын өткізілді.

Аналар кеңесі - ауылдағы қыз-келіншектердің тәрбиесі, отбасы құндылықтары мен демографиялық мәселелерге жауапты ұйым.

Ажырасулардың алдын алу, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермеу, көпбалалы және аз қамтылған аналарға қолдау көрсету, қыз тәрбиесі.

2025 жылғы іс-шаралар: «Қыз көрікті — тәрбиесімен», «Ана — өмірдің гүлі» тақырыптарындағы дөңгелек үстелдер, Наурыз мейрамында ұлттық тағамдар мен қолөнер көрмелерін ұйымдастыру, мектептегі жоғары сынып қыздарымен кездесулер.

Жыл ішінде 5 кеңес отырысы өткізіліп, 8 бағытта ақпараттық-тәрбиелік іс-шара ұйымдастырылды.

Әкелер кеңесі - ұл балалардың тәрбиесі, оларды отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа баулу мақсатында құрылған кеңес.

Тәртібі қиын жасөспірімдермен жұмыс, ұлдар арасындағы бұзақылықтың (мектептегі бопсалау, төбелес) алдын алу, спортқа баулу.

2025 жылғы іс-шаралар: «Әке — асқар тау», «Әке көрген оқ жонар» атты спорттық жарыстар (футбол, қазақша күрес, көкпар), жасөспірімдермен еркін форматтағы ер-азаматтар кездесулері.

Әкелер кеңесінің мүшелерімен 4 отырыс жасалып, мектепшілік және ауылдық деңгейде 4 спорттық және патриоттық іс-шара өткізілді.

Ауыз су «Қордай су» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын балансына тиесілі. Барлық үш елді мекен тәулік бойы сумен қамтылған. Табиғи газбен қамтылу деңгейі 90,5 % құрайды. Жол мәселесіне келсек округтегі 34 көшенің жалпы ұзындығы 26,7 шақырым. Соңғы 5 жылда 12 көше орташа жөндеуден өтіп, жөнделген жолдардың үлесі 50 % құрайды. Инфрақұрылымды дамыту мақсатында бірқатар жобаларды іске асыру жоспарлануда. Осыған орай, төмендегі мәселелерді орындау қажеттілігі туындауда.

1. Степное, Арал және Қалғұты ауылдарында тозығы жеткен көшелерге орташа жөндеу (асфальттау) жұмыстарын жүргізу кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр. Бүгінгі күні төмендегі көшелердің орташа жөндеу жұмыстарына жобалық-сметалық құжаттамасы (сметасы) толықтай жасалып, дайын тұр: 1. Степное ауылы (Өндіріс 3, Өндіріс 4 көшелері), Арал ауылы (Өтеген Батыра, Сарымолдаева көшелері) және Қалғұты ауылы (Жаңа Қоныс көшесі).

* Жалпы ұзындығы: 2,643 км.

* Сметалық құны: 98 359 711 теңге.

2. Степное ауылы (Өндіріс 2, Саяхат, Сұраншиева, Тамаша көшелері) және Арал ауылы (Т. Рыскулова көшесі).

* Жалпы ұзындығы: 1,858 км.

* Сметалық құны: 68 895 960 теңге.

3. Степное ауылы (Абая, Аспетова, Білім, Игілік, Батыс көшелері).

* Жалпы ұзындығы: 2,982 км.

* Сметалық құны: 128 079 235 теңге

Смета бойынша жалпы ұзындығы 7,483 км құрайтын көшелерді орташа жөндеуден (асфальттаудан) өткізу үшін жалпы сомасы 295 334 906 теңге қажет етеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ауыл тұрғындарының қауіпсіз әрі жайлы жүріп-тұруын қамтамасыз ету мақсатында, дайын тұрған сметалық құжаттарға сәйкес осы көшелерді асфальттау жұмыстарына бюджеттен қаржы бөлуді қажет етеді.

2. Степной ауылында тұрғындар мен мектеп оқушылары көп жүретін жол бойына тротуар салу жұмыстары, сметалық жоба құны 26,5 млн. тг құрайды.

3. Степной ауылындағы Кириллов көшесіне трансформатор және көше жарығын орнату жұмыстары, жоба құны 16,4 млн. тг құрайды.

- Степной ауылындағы Өндіріс көшесіне көше жарығын орнату жұмыстары, жоба құны 7,1 млн. тг
- Қалғұты ауылындағы Оңтүстік көшесіне трансформатор және көше жарығын орнату жұмыстары, жоба құны 17,6 млн. тг
- Степной ауылында КТПН-160 кВА орнату жұмыстары, жоба құны 12,1 млн. тг

Степной ауылдық округінде мүмкіндігі шектеулі азаматтардың саны 103, оның ішінде

1-топ:	7
2-топ:	44
3-топ:	34
18 жасқа дейінгі	18
мүгедек балалар саны:	

Қордай ауданы бойынша «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасының 84,85 тармақтарын орындау аясында аудан әкімі орынбасарының бекітілген тізіміне сәйкес 2021 жылы Степной ауылдық округінің ғимаратында 100 пайыз бейімдеу жұмыстары жүргізілген. Зерделеу барысында пандустың төбесін жауып, астын қайта тайғақ емес жабынмен жабу, зағип жандар үшін тактильді жолды ауыстыру, қабырғаларға тұтқалар орнату үшін ұсыныс берілді. Сонымен қатар, ғимарат ішінде мүгедектерге арналған санторап орнату ұсынылды.

«Кедергісіз орта — қайырымдылық емес, адам құқықтарын құрметтеудің көрінісі» демекші мен баршаңызды айналамызға бейжай қарамауға, әрбір нысанды барлық жанға қолжетімді болуын қадағалауға шақырамын. Кедергілерді бірге жойып, жүрегіміз бен есігімізді баршаға бірдей ашайық. Әрбір адам шектеусіз өмір сүруге лайықты!

Н.Молдабеков: Баяндама аяқталды, сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ.

Н.Молдабеков: Олай болса сөз Степной ауылдық округтің әкімі М.Қарабаевқа беріледі.

М.Қарабаев өз сөзінде былай деді: 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» аясында әлеуметтік жұмыс орындарына 9 азамат, «Күміс жас» бағдарламасымен 11 азамат, тұрақты жұмыспен 114 азамат жұмыспен қамтылды және 9 азамат мемлекеттік қайтарымсыз грант алды. «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде тұрғындардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдай мақсатында 7 жоба іске асырылды, сомасы 37400 мың теңгені құрады. Әлеуметтік көмектер тағайындалды, бір жолғы әлеуметтік көмектер берілді. Ауылдық округте Орталық, өндіріс көшелеріне және Арал ауылындағы Бабахчиев көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, елді мекендерді жарықтандыру мақсатында, Қалғұтты ауылы Оңтүстік, Сұраншиев, Батыс, Игілік, Киелісай, Сарымолдаев, Бақ, Рысқұлов көшелерінде жарықтандыру жұмыстары атқарылды. Құмды қиыршық тас төсеу бойынша ЖСҚ дайындалды. Қазіргі таңда, Степной ауылының Абай, Аспетов, Білім, Игілік көшелеріне, Қалғұтты ауылының Оңтүстік 1,2 км гравий төселді. Қалғұтты ауылында Тыңдала, Ұста, Оңтүстік көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жасалынды. Сондай-ақ, Степной, Арал, Қалғұтты ауылдарында балалар алаңы салынды. Орталық саябақ аббатандырылды. Аббаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілді.

Алдағы уақытта да жоспарға сәйкес көптеген жұмыстар атқарылатын болады. Баяндамада айтылған кемшіліктер бойынша жұмыстар атқарылатын болады. Қабылданды.

Н.Молдабеков: Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар?

Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы? Қалыс? – жоқ. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының бабының 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Степной ауылдық округінің әкімі М.Қарабаевтың есебі назарға алынсын.
2. Степной ауылдық округінің әкімі М.Қарабаевқа:
 - ауыл округінің әлеуметтік- экономикалық дамуы басты назарда болуы ұсынылсын;
 - Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 32 бабына сәйкес қызметкерлердің жеке іс – құжаттарының рәсімделуі бақылауға алынсын;
 - ауылдық округ әкімі мен материалды жауапты мемлекеттік қызметшілер арасында материалдық жауаптылық туралы келісім-шарт түзілуі қадағаласын;

- «Е-лицензия» ақпараттық жүйесі арқылы ұсынылған мемлекеттік қызмет көрсетуде жіберілген кемшіліктерді алдағы уақытта болдырмау ұсынылсын;
- мүгедектерге қолайлы орта құрылып, ғимараттың бейімделуіне ықпал етілсін;
- жастармен жұмысты жандандыру, олармен әскери-патриоттық жұмыстарды күшейту, олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қасиеттерді орнықтыру мақсатында іс-шаралар жүргізілсін;
- ауылды абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды тұрақты ұйымдастырылсын;
- ауыл округі әкімінің құзыреті аясында кейбір мәселелерді уақтысында қарап, шешімін табу ұсынылсын;
- осы шешімнің орындалуы барысы туралы ақпарат үстіміздегі жылдың 1-ші шілдесіне берілсін.


Осы шешімнің орындалуын бақылау «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі» комиссиясына жүктелсін (төрайымы – А.Алматаева).

Күн тәртібінің әр түрлі мәселелері бойынша маусым айында зерделеу жұмыстары:

1. Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің жазғы кезеңдерде шомылу маусымы мен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылған іс шаралары туралы - Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы - Жамангозов Бейкұт Тілебалдыұлына тапсырылады;
2. Халықты жұмыспен қамтудағы Қордай аудандық мансап орталығындағы мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысын зерделеу - «Бюджет, қаржы және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті қолдау мәселелері жөніндегі комиссиясы» - Алматаева Айнура Тұрлыбекқызына тапсырылады;
3. Аудан бойынша дәріханалардағы дәрі-дәрмектің бағаларына қоғамдық бақылау (мониторинг) жүргізу;
4. Қордай ауданы бойынша балалардың жазғы демалыс кезеңінде суға шомылу кезіндегі қауіпсіздік талаптарының сақталуына қоғамдық бақылау (мониторинг) жүргізу.


Осымен Қоғамдық кеңестің кезекті отырысын жабық деп жарияланды.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы



Р.Имашева